

ДОЛГОЖДАННЫЙ МЕХАНИЗМ ОТСЛЕЖИВАНИЯ ПЕРЕВОЗОК НА ТЕРРИТОРИИ ЕАЭС С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ НАВИГАЦИОННЫХ ПЛОМБ – ЭТО НЕ ТОЛЬКО ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЕ НОВШЕСТВО, НО И ДЕЙСТВЕННЫЙ ИНСТРУМЕНТ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ И БЕЗОПАСНОСТИ ЛОГИСТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ, КОТОРЫЙ ОТКРЫВАЕТ НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ ИНТЕГРАЦИИ И РАЗВИТИЯ ЕАЭС.

Руслан ДАВЫДОВ,  
министр по таможенному сотрудничеству  
Евразийской экономической комиссии



№101 (3140)  
05/12/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ  
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

## ЗЕРНОВОЗЫ НА ПУТИ К ГРАНИЦЕ

Пресс-тур, посвященный вопросам перевозки казахстанского зерна на экспорт, состоялся в Шымкенте. В ходе мероприятия журналистам продемонстрировали логистический маршрут зерна до государственной границы с Узбекистаном и рассказали о причинах затора.

Журналисты посетили станции Шенгелды, Жылга, Дарбаза и Сарыагаш, где наблюдается значительное скопление подвижного состава.

На станции Шенгелды на 14 приемоправочных путях стоит 300 вагонов, что затрудняет движение. На следующей станции – Жылга – также зафиксировано скопление 250 вагонов.

На станции Дарбаза ситуация аналогична: на путях находится 200 вагонов, ожидающих передачи на сопредельную железнодорожную администрацию, что снижает маневровые возможности станции. В целом в данном направлении



находятся более 11 тысяч вагонов, из которых отдельные составы простаивают по пять-шесть суток. Накопление зерновых грузов превышает пять тысяч вагонов. Железнодорожники

отмечают, что при текущих темпах сдачи объем накоплений обеспечивает работу сети на две-три недели вперед.

Основная причина заторов – несвоевременный прием поездов со стороны узбекской железной дороги в направлении станции Сарыагаш. Это приводит к нарушению графика движения и формированию очередей вагонов, что вынуждает ҚТЖ ограничивать

объемы экспорта сельхозпродукции в страны Центральной Азии.

Участникам пресс-тура продемонстрировали технологические возможности станции Сарыагаш, направленные на ускорение обработки грузов.

АО «НК «Қазақстан темір жолы» продолжает работу по повышению эффективности логистических процессов и обеспечению стабильного грузопотока как внутри страны, так и на экспортных направлениях.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА

### «АСТАНА-ОМБЫ» ПОЙЫЗЫ ҚАТЫНАЙДЫ



2025 жылдың 14 желтоқсаннан бастап №145/146 «Астана-Омбы» жолаушылар пойызы жолға шығады. Пойыз аптасына үш рет – сейсенбі, жұма және жексенбі күндері қатынайды.

Құрамында 3 купе және 5 плацкарт вагоны бар пойыздың бір бағытта шамамен 400 жолаушыны тасымалдауға мүмкіндігі бар. Жаңа бағыттың ашылуы – халықтың теміржол көлігімен қатынау мүмкіндігін арттыруға, вагондар паркін тиімді пайдалануға және маршруттық желіні кеңейтуге бағытталған. Пойыз заманауи, қауіпсіздік және жайлылық талаптарына толық сай келетін вагондардан жасақталады.

Билеттерді [bilet.railways.kz](https://bilet.railways.kz) ресми сайтынан немесе теміржол вокзалдарының билет кассаларынан сатып алуға болады. Қосымша ақпарат алу үшін 1433 байланыс орталығына хабарласу қажет. Пойыз қозғалысы туралы мәліметтер <https://tablo-railways.kz/ru/> сайтындағы онлайн-таблода қолжетімді.

Ұлан ОРАЗ

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮК ТАСЫМАЛЫ



Биылғы жылдың қыркүйек және қазан айлары көмір мен астық сынды маңызды әлеуметтік жүктер тасымалы үшін нәтижелі болған.

Аталған кезеңде 2,9 млн тонна астық тасымалданып, оның 2,2 млн тоннасы экспортқа шығарылған. Бұл өткен жылға қарағанда 21%-ға артық. Ал жылу беру маусымы басталғалы бері теміржол көлігімен 36,8 млн тонна көмір тасымалданған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4%-ға көп. Оның 33,2 млн тоннасы ЖЭО-ға жөнелтілген.

Биылғы коммуналдық-тұрмыстық көмірге ағымдағы қажеттілік – 7,4 млн тонна, бұл өткен жылғы деңгейден 400 мың тоннаға аз. Қоймаларда 500 мың тоннадан астам резерв жинақталған, нарықта тапшылық пен дүрбелең жоқ. «Қазтеміртранс» АҚ маусымдық жүк көмір мен астық тасымалын жеткілікті жылжымалы құраммен қамтамасыз етіп отыр.

Раїхан ПАХМЕТОВА

### ПАРОМОВ НА КАСПИИ СТАНЕТ БОЛЬШЕ



В первом полугодии 2026 года на линии Курык – Алят (Азербайджан) запустят два новых парома.

Об этом говорили на встрече акима Мангистауской области Нурдаулета Килибая с делегацией, возглавляемой Чрезвычайным и Полномочным Послом Грузии в РК Леваном Диасамидзе.

Стороны обсудили вопросы расширения сотрудничества региона с Грузией в экономической, транспортно-логистической, туристической и культурной сфере.

В частности, речь шла о проекте по организации регулярного морского паромного сообщения через Каспийское море в направлении Курык – Алят (Азербайджан). Он реализуется по инициативе Georgian Industrial Group. Он предусматривает запуск на Каспи в 2027 году шести новых паромов. Два из них по направлению Курык – Алят планируется запустить уже в первой половине следующего года.

Это позволит нарастить объемы грузоперевозок по каспийскому направлению, развить портовую инфраструктуру и повысить эффективность ТМТМ, а также создаст дополнительный канал для экспорта и транзита.

Географическое положение региона, транспортная инфраструктура и благоприятный инвестиционный климат являются важными факторами двустороннего партнерства. Особенно мы открыты для совместных инициатив по расширению транзитных возможностей через Каспийское море, – подчеркнул Нурдаулет Килибай.

Стоит отметить, что внешнеторговый оборот Мангистауской области с Грузией за январь – октябрь 2025 года составил 1,9 миллиона долларов. Сегодня в регионе действует 51 предприятие с участием грузинского капитала.

Любовь РОВБА

## Форум

### МАҚСАТ – ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ

Шымкентте «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның VII өндірістік қауіпсіздік форумы өтті. «Еңбекті қорғауды бизнес-процестерге интеграциялау» тақырыбында ұйымдастырылған іс-шараға «Самұрық-Қазына» қорының портфельдік компаниялары мен серіктес ұйымдары, Samruk Business Academy мен Компанияның әр деңгейдегі қызметкерлері және өңірдегі теміржол мекемелерінің қызметкерлері қатысты.



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,  
Шымкент

Форумда еңбек қауіпсіздігін басқару тетіктерін жетілдіру, тәуекелді бақылау, корпоративтік стандарттарды енгізу мәселелері қызу талқыланды. Атап айтқанда, DB Engineering & Consult компаниясының кеңесшісі Еркін Жусанбаев «Заманауи қауіпсіздікті басқару жүйелері» (SMS) тақырыбында баяндама жасада, Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институтына қарасты Кәсіптік тәуекелдерді бағалау орталығының жетекшісі Жанат Есенбетова «Еңбекті қорғау саласындағы кәсіптік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру» жайында сөз қозғады. Сол сияқты Шымкент қаласы Еңбек департаментінің мемлекеттік инспекторы Серік

Алиманов жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау бойынша атқарылған жұмыстары жөнінде арнайы баяндама жасады.

Ал салаға жетекшілік ететін Ұлттық компания тарапынан цифрландыру дәуірінде адами әлеуетті басқару бағытындағы қауіпсіздіктің жаңа үлгілері жөнінде ҚТЖ-ның Адами ресурстарды басқару департаментінің HR-серіктесі Алма Сәулебаева мен «Магистральдық желіні басқаруда еңбекті қорғауды интеграциялау: стратегиядан тәжірибеге» тақырыбында Магистральдық желі дирекциясының бас инженері Қайырбай Орынбаевтың баяндамасы қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды.

Жалпы, күн тәртібінде бекітілген панельдік сессияларда өндірістік қауіпсіздік мәдениетін арттыру жолдары сараланды. Сонымен бірге

басқосуда ұзақ уақыт бойы жарақаттанусыз жұмыс істеп, жоғары кәсібилік деңгейін көрсеткен кәсіпорын жетекшілері мен қызметкерлері марапатталды және оларға сенім сертификаттары тапсырылды. Сондай-ақ шара аясында нөлдік жарақаттану деңгейін 30 жылдан бері сақтап келе жатқан ұйымдардың тәжірибесі таныстырылып, үлгі ретінде осы тақырыптағы бейнероликтер көпшілік назарына ұсынылды.

Тағы бір айта кетерлік жайт, форум қорытындысында еңбек қауіпсіздігін компанияның барлық бизнес-процестеріне кешенді енгізу бойынша нақты ұсыныстар да әзірленді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, ендігі жерде форумда айтылған қауіпсіздік талаптары өндірістік жоспарлау мен басқарушылық шешімдердің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс.

## НОВАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ WORLDSKILLS ОТ ҚТЖ

В Астане стартовал X Республиканский чемпионат профессионального мастерства WorldSkills Kazakhstan 2025. Впервые на национальном уровне была представлена компетенция «Управление локомотивом», ставшая одной из ключевых новинок чемпионата.



Руслан ПАХМЕТОВ,  
Астана

В этом году представители АО «НК «Қазақстан темір жолы» внесли существенный вклад в подготовку: участвовали в разработке конкурсных заданий, критериев оценки и обеспечении соревнований современным оборудованием. Особое значение имеет и то, что чемпионом объединил 13 колледжей из 13 регионов страны, сформировав широкую профессиональную платформу для взаимодействия будущих машинистов, преподавателей и экспертов-практиков железнодорожной отрасли.

Участники впервые смогли соревноваться в условиях, созданных на базе реального центра подготовки кадров ҚТЖ. Здесь конкурсантам предоставили доступ к тренажерам тепловоза ТЭЗ3А и электровоза КЗ8А, оборудованию для изучения конструкции колесной пары электровоза ВЛ80С, автосцепного устройства СА-3, а также к манекен-тренажеру «ГОША». Такой формат позволил приблизить задания к реальным условиям работы локомотивной бригады.

Руководитель аппарата ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Адильжан Исмухамбетов, обращаясь к участникам, отметил особую роль профессии.

– Работа локомотивной бригады – одна из самых ответственных на железной дороге. Сегодня в системе ҚТЖ трудятся более 117 тысяч работников, среди них



15 тысяч машинистов и помощников машиниста – специалистов, на плечах которых лежат человеческие жизни и безопасность перевозок, – подчеркнул он.

Продолжая выступление, он обозначил перспективы, которые открываются перед молодыми кадрами.

– Мы – крупнейший работодатель в стране для машинистов. Зарплата у них одна из самых высоких в отрасли, действует большое количество льгот и надбавок. Мы активно обновляем тепловозный парк – более 1 700 локомотивов, и многие из вас в своей карьере будут управлять самыми современными машинами, – добавил Адильжан Исмухамбетов.

Позицию развития профессионального образования прокомментировала вице-президент НАО «Talar» Бахытжан Биекова, подчеркнув значимость движения WorldSkills для Казахстана.

– Если в 2015 году мы начинали с 10 компетенций, то сегодня их уже 45. Это отражение того, как растет качество подготовки, обновляется материальная база и расширяется сотрудничество с работодателями, – отметила она.

По ее словам, масштаб модернизации системы образования стал возможным благодаря оснащению 180 колледжей современным оборудованием, что позволило им стать центрами компетенций и внедрять международные стандарты.

– Сегодня свыше 100 специальностей завершают обучение в форме демо-экзамена. Образовательные программы разрабатываются совместно с предприятиями, как это сделано с ҚТЖ в компетенции «Управление локомотивом». Это и есть правильный путь к подготовке конкурентоспособных кадров, – заключила Бахытжан Биекова.

Фото Александра ЖАБЧУКА



Айдын СЕЙТБЕНБЕТОВ,  
«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС  
Жамбыл ЖТ бөлімшесінің  
директоры:

ПОЙЫЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМА-СЫЗ ЕТУ – ТҮТАСТАЙ БІР ЖҮЙЕ. ТЕМІР ЖОЛДА ӘРБІР МАМАҢҒА ЖҮКТЕЛЕТІН МІНДЕТТЕР МЕН ҚОЙЛА-ТЫН ТАЛАПТАР БАР. СОЛ НҰСҚАУЛАР ОРЫНДАЛУЫ ТИІС. ЖОЛ ЖӨНДЕУШІДЕН БАСТАП, ВАГОН ҚАРАУШЫ, МАШИНИСТ, ЭЛЕКТРОМЕХА-НИК, ИНЖЕНЕР, ТАҒЫ БАСҚА ҚАНШАМА КӘСІП ИЕСІ БАР. БІРІНІҢ ЖҮМЫС НӘТИЖЕСІ ЕКІНШІСІНЕ ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕДІ. СОНДЫҚТАН САЛҒЫ-РТТЫҚҚА ЖОЛ БЕРУГЕ ЕШ БОЛМАЙДЫ. МІНЕ СОЛ ҮШІН КҮНДЕЛІКТІ БАРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕ-ЛЕРДЕ КЕЗЕКТІ АУЫСЫМҒА ТҮСКЕН ТЕМІРЖОЛШЫЛАРҒА НҰСҚАУШЫЛАР ЖҮМЫС ПРОЦЕСІН, ТИІСТІ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛАПТАРЫН ТҮСІНДІРУДЕН, НҰСҚАМА БЕРУДЕН БАСТАЙДЫ

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ  
**1,2 тыс.**

ПОЕЗДОВ ПРОШЛИ ПО  
ВТОРЫМ ПУТЯМ ДОСТЫК  
– МОЙЫНТЫ С МОМЕНТА  
ЗАПУСКА УЧАСТКА.

ЗА 2024-2025 ГОДЫ В АО  
«ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕ-  
ВОЗКИ» БЫЛО ПЕРЕДАНО

**237**

ВАГОНОВ RWS WAGON.

АО «НК «ҚТЖ»  
ОТРЕМОНТИРОВАЛО

**1 499 км**

ЖЕЛЕЗНОДорожного  
ПУТИ, ПЕРЕВЫПОЛНИВ  
ПЛАН НА 2025 ГОД.

## «Е-ӨТІНІШ» ЖҮЙЕСІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Ислам ТАЛҒАТ,  
Астана



СЕРВИС

Жақында ҚТЖ орталық аппараты және еншілес ұйымдарының мамандары «е-Өтініш» жүйесін қолдану және ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша оқытудан өтті.

Бұл оқыту сала мамандарына азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеу кезінде өте қажет. 360 астам маман қатысқан оқытуды ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің көліктегі департаменті мамандары жүргізді. Сабақ барысында квазимемлекеттік сектор ұйымдарында азаматтардың өтініштерін тіркеу, есепке алу және қарау тәртібі, сондай-ақ жұмыстың ашықтығы мен бірыңғай стандарттарын қамтамасыз ету үшін «е-Өтініш» платформасын пайдалану ерекшеліктері түсіндірілді.

Мұндай іс-шараларды өткізу өтініштерді өңдеу сапасын арттыруға, азаматтармен кері байланысты күшейтуге және компанияның барлық бөлімшелерінде ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі нормаларының қатаң сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

## РЕСІМДЕУДІҢ БІРЫҢҒАЙ ТӘРТІБІ

Нұрбек БЕКЕН,  
Қостанай



ЖОБА

Қостанай өңірінің жүк жөнелтушілері үшін тасымалдау процесінің барлық қатысушыларына теңдей жағдайлар жасау мен ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған контейнерлік пойыздарды ресімдеудің бірыңғай тәртібі енгізілді.



Енді контейнерлік пойыздарды ресімдеу құрамның және тасымалдау құжаттарының нақты дайындығы туралы хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Кезектілік хабарлама беру уақытымен анықталып және ашық қолжетімділікте жарияланады, бұл субрекативтілік пен түсініспеушілікті болдырмайды. Бұрын ресімдеу жүк тиеуге вагондарды бастапқы беруге байланысты жүргізілді, бұл көбінесе вагондардың жиналып қалуына және белгісіздікке әкелетін. Хабарлама жүйесіне көшу пойыздарды қалыптастырудың нақты және айқын логикасын құруға мүмкіндік беріп, бұл әсіресе қолданыстағы шектеулер жағдайында маңызды болып отыр.

Жүк жөнелтушілер жаңа кесте түсінікті және қолжетімді болғанын, ал кезектілік туралы ашық ақпарат жөнелтілімдердің болжамдылығын қамтамасыз ететінін және бизнес арасындағы шиеленісті төмендететінін атап өтуде. Енгізілген жүйенің және процесті біркелкі ұйымдастырудың арқасында контейнерлік тасымалдау статистикасы бытырғы көрсеткіштерден едәуір жоғары көрсеткіштерге ие. Жүйелілік пен ашықтық жөнелтілімдерді тұрақтандыруға және жоғары нәтижелерді сақтауға мүмкіндік берді. «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ логистикалық жүйенің тұрақты жұмысын және тасымалдаудың негізгі көрсеткіштерінің өсуін қолдай отырып, барлық жүк жөнелтушілер үшін ашықтықты, уақытылы ақпараттандыруды және тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді жалғастырмақ.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ӨНДІРІС САПАСЫН КҮШЕЙТУГЕ БАҒЫТТАЛДЫ



СЕМИНАР

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ербол Саулебековтің басшылығымен жол картасы аясында өткен семинарда өндірістік процестерді жақсарту мен қауіпсіздік мәдениетін күшейтудің нақты тетіктері талқыланды.

Семинар жұмысына жетекшілік еткен жөндеу технологиялық тәлім басшысы Нұрлан Жәнібеков пен СОБ аға электромеханигі Сәбит Қайролла тақырыпқа орай баяндама жасап, өндірістік процестердің сапасын арттыру, құрылғыларды жетілдіру және пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы негізгі міндеттерге жан-жақты тоқталды. «Теміржол автоматикасы мен телемеханика құрылғыларының сапалы өндірісі – пойыз қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі шешуші буын. Сондықтан құрылғылардың сенімділігін күшейту, жөндеу-технологиялық процестерді жетілдіру және қауіпсіздік мәдениетін жаңаша деңгейде қалыптастыру – бүгінгі таңдағы басты міндет» деді мамандар.

Семинар барысында қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, өндірістік талаптар мен стандарттарды қатаң сақтау қажеттілігін сөз етті. СОБ мамандары күнделікті атқаратын жұмыстарын тәжірибе жүзінде көрсетіп, құрылғыларды дайындау, реттеу және тексеру бойынша жинақтаған кәсіби дағдыларын ортаға салды.



Қатысушылар тарапынан жолданған сауалдар мен ұсыныстар талқылаудың мазмұнын байытып, өндірістік процестердің тиімділігін арттыруға бағытталған тың ойларды туындатты. Ұйымдастырушылар мұндай шаралар мамандардың шеберлігін шыңдауда, сапалы өнім шығаруда және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шешуші рөл атқаратынын атап өтті.

Жалпы, семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, теміржолшылардың кәсіби дамуына, ұжымдық жауапкершілікті нығайтуға және қауіпсіздік мәдениетін күшейтуге елеулі үлес қосқаны анық. Өйткені қозғалыс қауіпсіздігі – бүкіл ұжымның ортақ міндеті, ал құрылғылардың сапалы дайындалуы осы жауапкершіліктің негізгі құрамдас бөлігі болып қала береді.

Дистанция мамандары байланыс құрылғы-

ларының жұмысқа жарамдылығын кепілдендірілген мерзіміне дейін қамтамасыз ету үшін оларды өндіріс алдындағы жан-жақты зерттеуден өткізуді қатаң қағида ретінде ұстанады. Тексеру мен сынамадан өткен құрылғылар ғана өндіріске жіберіледі. Себебі жарамдылық мерзімі аяқталмай жатып құрылғының істен шығуы – зерттеу кезеңіндегі технологиялық талаптардың толық орындалмауынан кеткен қателіктің белгісі. Мұндай олқылыққа жол бермеу үшін әр құрылғы бірнеше рет, бірнеше маман тарапынан қайта тексеріліп, бақылау жүйелі түрде күшейтіледі.

Семинар барысында кәсіби міндеттерін мінсіз атқарып жүрген білікті электроме- ханиктер марапатталып, олардың еңбегіне лайықты баға берілді.

Суретті түсірген автор

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА ТАСТҮЙІН ДАЙЫН



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,  
Жамбыл

Осыған орай жуырда Жамбыл жүк тасымалы және Жамбыл магистральдық желі бөлімшелерінің әкімшілік ғимаратында кезекті арнайы сейсмикалық оқу-жаттығу өткізілді. Үш қабатты ғимаратта дабыл белгісі іске қосылып, шартты жағдайда ізсіз кезіндегі дүрбелең басталды. Жамбыл облыстық төтенше жағдайлар департаментінің құтқару қызметі келгенге дейін кіреберістері құзетшілер екі филиалдың басшыларының нұсқауына сай сыртқы есікті ашып, ішкілердің далаға шығуына көмек көрсетті.

Оларға жүктелген алғашқы міндет – есік алдында кептелісті

болдырмау. Іштен сыртқа шығуға асыққандардың бір-бірін қағып, таптап кетпеуін қадағалаған құзетшілер көпшілікті барынша сабырға шақырып, нұсқауға сай әрекет етті.

Бөлімшелердің басшылық құрамы жылдам эвакуация бағытын айқындауға, уақытша құтқарушылар жасағын жасақтауға кірісті. Жамбыл ЖТ бөлімшесінің бас инженері Дүйсенбек Сыдықоврация арқылы жасаққа қызметкерлерді қауіпті аймақтан қауіпсіз жерлерге уақытша көшіру үшін нұсқау беріп отырды.

Төтенше жағдайлар департаментінің құтқарушылары мен жедел жәрдем қызметі де көп күттірген жоқ. Мамандар қран арқылы үшінші қабатта қалғандарды терезеден сыртқа



шығарып, шартты түрде зардап шеккендерге бастапқы медициналық көмек көрсетілді.

– Арнайы оқу-жаттығуға Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаментінен 5 техника, 17 адам жұмылдырылды. Оқу-жаттығу жойқын жер сілкініс кезінде мекеме қызметкерлерінің практикалық әрекеттерге дайындық деңгейін тексеру, басшылық құрамның төтенше жағдайдағы



құтқару іс-әрекеттерін қалай ұйымдастыратынын байқау мақсатында өткізілді. Осы арқылы эвакуациялау картасын жасап, ғимараттан сыртқа шығарудың қосалқы жолдарын нақтылап алдық. Дабыл жүйесі жұмысының сенімділігі тексерілді. Алғашқы медициналық көмек көрсетудің тәсілдерін тәжірибе жүзінде үйрендік, – дейді бас инженер.

Суреттерді түсірген автор

## Хабарландыру

### КӘСІПОДАҚТЫ ҚАЙТА АТАУ ТУРАЛЫ

2025 жылғы 10 қыркүйекте өткен Кәсіподақтың XI съезінде «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігін «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі деп қайта атау туралы шешім қабылданғанын хабарлаймыз.

2025 жылғы 26 қарашада Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру комитеті «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі (қысқартылған атауы «ҚАЗТЕМІРЖОЛКӘСП») ҚБ және ОО «КАЗПРОФЖЕЛ», бұдан әрі – Кәсіподақ) атауының өзгеруіне байланысты мемлекеттік қайта тіркеуді жүргізді.

Мемлекеттік қайта тіркеу қайта аталуына байланысты жүргізілді және Кәсіподақтың құрылымы мен қызметінде басқа ешқандай өзгерістерге әкеп соқпайды. Банк деректемелері бұрынғыша қалады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» филиалының Нұрлы жол вокзал кешені 2025 жылғы желтоқсанның 22-сінде бірыңғай оператор үшін «Нұрлы жол» теміржол вокзал кешенінің тұрақ аймағын жалға беру бойынша конкурс өткізілетінін хабарлайды.

Барлық ақпарат «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының www.railways.kz сайтында «Теміржол вокзалдарындағы алаңдар мен үй-жайларды мүлктік жалға беру (жалға алу) тәртібі» бөлімінің «Инфрақұрылым» тармақшасында көрсетілген.

Барлық сұрақтар бойынша келесі телефондарға қоңырау шалыңыз: 8 (7172) 61-44-40, 61-44-44, 8 (775) 972-75-13».

«ҚТЖ тасымалы» ЖШС 2025 жылғы 25 желтоқсандағы сағат 10:00-де (Астана уақыты бойынша) Мемлекеттік мүлік Тізілімінің [rauda.r.e-qazup.kz](http://rauda.r.e-qazup.kz) веб-порталында басталатын «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мүлкін сату бойынша электрондық сауда-саттық өткізілетіні туралы хабарлайды.

Объектілерді сату «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Директорлар кеңесінің шешімімен (2019 жылғы 5 маусымдағы №16 хаттама, №2 сұрақ) бекітілген «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мүлкін сату қағидасына (бұдан әрі – қағида) және «Ақпарат және есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) бекітілген Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлкті сату бойынша электрондық аукциондар өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Конкурсқа мынадай Объектілер шығарылады:

Лот №1: 80,550 тонна көлемінде локомотивтердің пайдаланылған мотор майы, орналасқан жері Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Станционная көшесі, 1, бастапқы бағасы 7 767 114,30 теңге, кепілдік жарнасы 1 165 067,15 теңге.

Лот №2: 140 тонна көлемінде локомотивтердің пайдаланылған мотор майы, орналасқан жері Қызылорда облысы, Сексеуіл ст., Деповская көшесі, 1, бастапқы бағасы 13 499 640,00 теңге, кепілдік жарнасы 2 024 946,00 теңге.

Лот №3: 100,028 тонна көлемінде локомотивтердің пайдаланылған мотор майы, орналасқан жері Атырау облысы, Мақат ауд., Мақат ст., Лотиф Шахатов к-сі, 56, бастапқы бағасы 9 645 299,93 теңге, кепілдік жарнасы 1 446 794,99 теңге.

Лот №4: 114 тонна көлемінде локомотив-

тердің пайдаланылған мотор майы, орналасқан жері Абай облысы, Аягөз ст., Маженов, 1, к-сі, 1, бастапқы бағасы 10 992 564,00 теңге, кепілдік жарнасы 1 648 884,60 теңге.

Лот №5: 42,730 тонна көлемінде локомотивтердің пайдаланылған мотор майы, орналасқан жері Алматы қаласы, Шацский к-сі, 17, Бастапқы бағасы 3 703 280,91 теңге, кепілдік жарнасы 555 492,14 теңге.

Лот № 6: 45,812 тонна көлемінде локомотивтердің пайдаланылған мотор майы, орналасқан жері Астана қаласы, Шынтас жолағы, 14В, бастапқы бағасы 3 970 388,60 теңге, кепілдік жарнасы 595 558,29 теңге.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу тізілім веб-порталында хабарлама жарияланған күннен бастап тізілім веб-порталында жүргізіледі және сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ шотына төленеді: ЖСК KZ736010111000022204 «Халық Банкі» АҚ, Астана қ., БСК HSBKZKX, БСН 031040001799, Кбе 16.

Төлемнің мақсаты: Электрондық аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна мөлшеріне банк қызметтерін төлеу кірмейді).

Банк кепілдігі кепілдік жарна ретінде қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ шотына уақытылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау

аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама тізілімінің веб-порталымен қалыптастырылады, сауда-саттық өткізілген күні сатушы мен сауда-саттық жеңімпазы ЭЦҚ пайдалана отырып қол қояды.

Сауда-саттықта жеңіске жеткен қатысушы сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының объектіні сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемелерін белгілейтін құжат болып табылады. Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілімінің веб-порталы сауда-саттық қорытындыларын шығарған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде қол қояды.

Электрондық аукционды өткізу тәртібі, сауда-саттыққа қатысушы рәсімдеу тәртібі, жеңімпазды айқындау шарттары туралы ережелермен «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ [rauda.r.e-qazup.kz](http://rauda.r.e-qazup.kz) сайтында көпшілікке қолжетімді болатын Регламентте танысуға болады.

Қосымша ақпаратты 8 (7172) 610-317 («ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС) және 8 (7172) 55-29-81 («ИУЦ» АҚ) телефондары арқылы алуға болады.

## Форум ГРАНТ ЕС ДЛЯ ПОРТА АКТАУ

**Порт Актау выходит на новый этап развития – на полях Ташкентского форума инвесторов по Транскаспийскому международному транспортному коридору состоялась церемония подписания соглашения о предоставлении гранта Европейского союза. В мероприятии принял участие руководитель порта Актау Даурен Кутпанбаев.**

Подписание стало важным итогом комплексной работы по привлечению финансовой поддержки: предусмотрен кредит Европейского банка реконструкции и развития (ЕБРР) на сумму 35 миллионов евро, а также безвозвратный грант ЕС в размере 10 миллионов евро.

Финансовая поддержка ЕС подтверждает стратегическую значимость порта Актау как ключевого звена ТМТМ и усиливает позиции Казахстана в обеспечении трансконтинентальной связности. Согласно ранее проведенным совместным исследованиям ЕС и ЕБРР по вопросам устойчивых транспортных связей



между Европой и Центральной Азией, порт Актау определен как один из ключевых элементов

Транскаспийского маршрута. Выделяемые средства будут направлены на реконструкцию и


удлинение двух причалов, а также на приобретение устойчивых к погодным условиям причальных кранов, что позволит увеличить мощность по перевалке контейнерных грузов.

В условиях роста транспортных объемов и расширения транзитных потоков модернизация обеспечит увеличение пропускной способности порта более чем на 0,5 миллиона тонн генеральных грузов и позволит одновременно обслуживать четыре полноразмерных судна.

ЕС ранее объявил о резервировании 10 миллиардов евро на развитие Транскаспийского маршрута. В качестве центрального звена этого коридора Казахстан может рассчитывать на модернизацию портовой, железнодорожной и логистической инфраструктуры, что укрепит его позиции как ведущего транзитного хаба Центральной Азии и обеспечит рост транзитных доходов.

Асель ШАЙХЫНОВА  
Фото автора

## КТЖ УКРЕПЛЯЕТ ЭКСПОРТНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ



ИТОГИ

**За 11 месяцев 2025 года АО «НК «КТЖ» перевезло 287,8 миллиона тонн грузов, увеличив объем на 4% по сравнению с прошлым годом, при этом экспортные перевозки выросли на 6%, обеспечивая активную поддержку казахстанских производителей.**

**Айлин БАУРЖАН,**  
Астана

По итогам января – ноября 2025 года общий объем перевозок по сети КТЖ составил 287,8 миллиона тонн, что на 11,5 миллиона тонн (+4%) превышает показатель аналогичного периода 2024 года.

Экспортные перевозки железнодорожным транспортом выросли до 80,2 миллиона

тонн (+6%). Объем перевозок угля достиг 31,2 миллиона тонн (+8%), что обеспечено увеличением поставок в Россию, страны ЕС и Центральной Азии.

Перевозки зерна составили 9,7 миллиона тонн (+36%). В страны Центральной Азии отправлено 5,6 миллиона тонн, в том числе Узбекистан – 4 миллиона тонн (+31%), Таджикистан – 1,3 миллиона тонн (+19%), Кыргызстан – 300 тысяч тонн (рост в три раза).

